**БЕКІТЕМІН:**
«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды
ауданы бойынша білім бөлімі Макинск
қаласының мектеп-гимназиясы» КММ директорының
_______ А.Каренова
«___» ___________2023ж

**«Жұлдыз» шағын –орталығының мектепке дейінгі мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Тәрбиешілер: Ханаева Б.М.**
**Боранбаева К.А.**

**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 –2024жылына арналған**
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**Қыркүйек айы 2023жыл**

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Бірқалыпты,аяқтыңұшымен,тізеніжоғарыкөтеріп,саптабір-бірден,екеуден(жұппен)жүру;<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқықадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), бойыменжүру.<br>*Жүгіру.*Бірқалыпты,аяқтыңұшымен,саптабір-бірден жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оңжәне сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.* 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналыпжәнезаттардыңарасыменеңбектеу.<br>*Секіру.*Тұрғанорнындақосаяқпен,2-3метрқашықтыққаалғақарайжылжып,құрсаудanқұрсауға,заттардыайналыпжәнезаттардыңарасыменсекіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.**Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды жәнеқимылдарды музыканың сүйемелдеуі мен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>Қолды жоғары,алға,жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру,жан-жаққа(солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу |

| | |
|---|---|
| | (отырған қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алғақарай қою,аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігімен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту,қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен,оңға және солға бұрылып тебу.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді,орамалды орнына ілуді,тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралытүсінікберу(ұсақ заттардықұлаққа, мұрынғатықпау).<br><br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: |

| | |
|---|---|
| | Күнтәртібінесәйкесбалалардыңкүнделіктітазаауадаболуынқамтамасызету.Ересектіңкөмегіменшынықтырутәсілдерінорындаудағдыларынқалыптастыру.Тыныс алужаттығуларын жасау. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;<br><br>**Сөздік қор:**<br>ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді,заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлері мен бөлісуге, өз ойынайтуға үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауынажағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекісөйлесуде<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Ауыз екі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауыз екі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін |

| | |
|---|---|
| | қалыптастыру |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; |
| **Сурет салу** | Көкөністер мен жемістердің суретін салу<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуғамүмкіндікберу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| **Жапсыру** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айтудағдыларын дамытуға ықпал ету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен  таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру.  Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету |
| **Қоршаған ортамен** | **Бала, оның отбасы,үйі.** |

| | |
|---|---|
| **таныстыру** | «Мен»бейнесін,құрдастарын,өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік,байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда«дұрыс»немесе«дұрысемес»,«жақсы»немесе«жаман»әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қаламен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға,қоштасуға,көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, далагүлдерінің, кейбір көгөністермен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерінтану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райыныңжағдайынанықтау(суық,жылы,ыстық),табиғатқұбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгімезгілдеріндегі ауа-райыныңжай-күйінбелгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтардысындырмау |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 –2024 жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**Қазан айы 2023жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Әртүрлі бағытта:тура,шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*Арқан бойымен жүру, тура жолмен қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>*Жүгіру.*Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша»,шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*Еденге қойылған тақтай бойымен,арқанның, доғаның астымен(биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу;<br>*Секіру.*15-20 сантиметр биіктіктен секіру, іліну тұрған затқа қолды тигізіп,тұрған орнынан жоғары секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.**Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуі мен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>Қолдарын алдына немесе басынан жоғары,артына апарып шапалақтау;<br>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру,саусақтарды қозғалту,қол саусақтарын жұму және ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>Аяқты көтеру және түсіру,аяқтарды қозғалту(шалқасынан жатқан қалыпта);<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше;<br>иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею(етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>Қолдарды алғасозып,жартылай отыру,тізені қол мен ұстап,басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау,таяқтың,білікшенің(диаметрі 6-8сантиметр)бойымен қосалқы қадам мен жүру.<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста»,«тұр»белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | |
|---|---|
| | **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура,шеңбер бойымен,оңға және солға бұрылып тебу.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәйқасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру(ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқ киім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздердіжіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстыру,затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау жәнетолық жауап беру. |
| **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді ,өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, |

| | |
|---|---|
| | шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br><br>**Сөздік қор.**<br>Ауыз екі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауыз екі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер**<br>геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.<br>өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша және ойдан құрастыру |
| **Сурет салу** | Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бір неше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал) үйрету<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу. |

| | |
|---|---|
| **Мүсіндеу** | Саз балшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;<br>алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| **Жапсыру** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету<br>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау<br>Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру; |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету;<br>ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту.<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айтудағдыларын дамытуға ықпал ету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;<br>**Балалармузыкалықаспаптарындаойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен  таныстыру, оның дыбысталуы мен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала,оның отбасы,үйі.**<br>Әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Көлік,байланысқұралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен  таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу,көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді |

| | |
|---|---|
| | дамыту<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Еліміздің астанасы, ҚазақстанРеспубликасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қаламен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды пысықтау.<br>Балабақшаның үй-жайларымен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністермен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрінтану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайынанықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау, саңырауқұлақтармен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 –2024 жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**Қараша айы 2023жыл**

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып,арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың |

| | |
|---|---|
| | бойымен жүру.<br>*Жүгіру.*Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*Аяқтарын алшақ қойып,отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу;саты бойымен өрмелеу<br>*Секіру.*Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40сантиметр қашықтыққа секіру.<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*Шеңберге тұру(көзбен бағдарлау бойынша).<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.**Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуі мен орындау.<br><br>**Жалпы дамытушы  жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру(бірге немесе кезекпен);<br>Қолдарын  алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>солға,оңға бұрылу(отырғанқалыпта);<br>аяқты көтеру және түсіру,аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>Қолдарды алға созып,жартылай отыру,тізені қолмен ұстап,басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау<br><br>**Қимылдыойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимылдардыүйлестіруге,кеңістіктібағдарлауға,«жүгір»,«ұста»,«тұр»белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігімен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру.<br>Өрмелеу,еңбектеудағдыларын,ептілікті,жылдамдықты дамыту,қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар:** Үшдөңгелекті велосипедті тура,шеңбер бойымен,оңға және солға бұрылып тебу. Спорт залда<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| | Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге ,ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту;ауырмауға,денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты(а,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з) дыбыстарды анық айту, артикуляциялық аппаратты дамыту,сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді –антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктердікелер және өткеншақта қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау жәнетолық жауап беруді дамыту. |
| **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерінтыңдауды жетілдіру. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.** |

| | |
|---|---|
| | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдаужәне түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе»,«аға»,«апа»,«іні»,«қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауыз екі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем)салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпентаныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеугемүмкіндікберу.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту:күндіз-түнде,таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу,әртүрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай,дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,ұқыптылыққа баулу. |

| | |
|---|---|
| **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді.(ыдыстар,ойыншықтар).<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыраотырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпалету:ре(ми)—ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдардыөз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспапсыбызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала,оның отбасы,үйі.**<br>өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту<br>**Заттық әлем.** заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Ауада ұшатын қозғалыс құралдары мен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлықтаныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр)аудару<br>**Менің Отаным–Қазақстан.** |

| | |
|---|---|
| | Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруінеықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарынқалыптастыру.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>топта(терезенің алдына шықпау,розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекетету дағдыларын қалыптастыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 –2024 жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**Желтоқсан айы 2023жыл**

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>*Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып,<br>арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру.<br>*Жүгіру.*Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>*Секіру.*Құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>заттарды бір қолынан екінші қолынасалу,алдына,артқа апару,басынан жоғары көтеру;қолды алға, жан-жаққа созу, |

| | |
|---|---|
| | алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру,түсіру,саусақтарды қозғалту, қолсаусақтарынжұмужәне ашу.<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа,артқа<br>қою; қолдарды алғасозып,жартылай отыру,тізені қолмен ұстап,басты төмен иіп,кезекпентізені бүгіп,аяқты көтеру;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға,«жүгір», «ұста», «тұр»белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Қимылды ойындарды ойнату.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігімен шығармашылығын дамыту.Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шана мен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді,орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br><br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерберу.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: |

| | |
|---|---|
| | Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді –антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді,етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,қызығушылығын ояту. |
| **Көркем әдебиет** | Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтармен шағын өлеңдерді жатқа айтуғаүйрету. |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту<br>**Сөздікқор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап,әңгімелесе білуге баулу. |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу,«қанша?неше?»сұрағына жауап беруін қалыптастыру<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша)бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қоют әсілдері арқылы салыстыруды үйрету |

| | |
|---|---|
| | **Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау:күндіз-түнде,таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін:<br>цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануғаүйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға,қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Сурет салу** | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынғанартық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызыпжіберіп бояуды үйрету. Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақнегізгітүстерменолардыңреңктерін (қызғылт,көгілдір,сұр)қолдануды үйреу.<br>Сурет салуда қауіпсіздіктісақтауға,ұқыптылыққа баулу. |
| **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымды ққомпозицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздіктісақтауға,ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалықбалға,сылдырмақ,барабан,металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Сөздерді анық айту, әннің сипатынжеткізу(көңілді,созып,ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен жәнебір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатынасәйкес бір-бірден,жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. |

| | |
|---|---|
| | **Балалар музыкалық аспаптарындаойнау.**<br>Музыкалық аспап металлафонмен  таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруг еықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала,оның отбасы,үйі.**<br>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапаларыменқасиеттерін: сипап сезу,дәмінкөру,есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік,байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,жанашыр) аудару<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау(суық,жылы,ыстық),табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>серуенде(жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2023 –2024жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**Қаңтар айы 2024 жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>*Жүру.*Бір қалыпты,аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп,сапта бір-бірден,екеуден (жұппен) жүру;әртүрлі бағытта: тура,шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Тепе-теңдікті сақтау.*Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың,қырлытақтайдың бойымен жүру.<br>*Жүгіру.*Бірқалыпты,аяқтың ұшымен,сапта бір-бірден,алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша»,шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.*Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*Заттардың арасымен еңбектеу,еденге қойылған тақтай бойымен,арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)<br>еңбектеу;<br>*Секіру.*2-3метр қашықтыққа алға қарай жылжып,құрсаудан құрсауға,заттарды айналып жәнезаттардың арасымен секіру<br>*Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.*Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірініңжанынасапқатұру<br><br>**Ырғақтық жаттығулар.**Таныс,бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. |

| | |
|---|---|
| | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:*<br>Қолды жоғары,алға,жан-жаққа көтеру және түсіру(бірге немесе кезекпен);заттарды бір қолынан екінші қолына салу,алдына,артқа апару,басынан жоғары көтеру;<br>*Кеудеге арналған жаттығулар:*<br>Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға)беру,жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу;солға,оңға бұрылу (отырған қалыпта);<br>*Аяққа арналған жаттығулар:*<br>Аяқтың ұшына көтерілу,аяқты алға қарай қою,аяқты жан-жаққа,артқа қою;<br><br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға,қимылдарды үйлестіруге,кеңістікті бағдарлауға,«жүгір»,«ұста»,«тұр»белгілеріне сәйкес әрекететуге үйрету,қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін,белсенділігімен шығармашылығын дамыту.Арбалар,автомобильдер,велосипедтер,доптар,шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру.Өрмелеу,еңбектеу дағдыларын,ептілікті,жылдамдықты дамыту,қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау.Шанамен бір-бірін сырғанату;биік емес төбеден сырғанау.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету;сабынды дұрыс қолдануды,қолды,бетті,құлақты тазалап жууды,жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді,орамалды орнына ілуді,тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәйқасықты,шанышқыны,майлықты дұрыс қолдану;нанды үгітпеу,тамақты ауызды жауып,шайнау,ауызды толтырып сөйлемеу |

| | |
|---|---|
| | **Өзіне-өзіқызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге,тісті тазалауға,ұқыптылыққа,киіміндегі олқылықтардыбайқауға,оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге,ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br><br>**Салауатты өмірсалтыдағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене белсенділіг і(таңертеңгі жаттығу,шынықтыру,спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**:<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазааулда болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың  сөздік қорын ойындармен ойынжаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар,киім,аяқкиім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді –антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.<br>**Тілдіңграмматикалыққұрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне,септелуінеқарайбайланыстыру,затесімдердіүстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды менгерту<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді,заттарды қарастыруда,тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде,шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. |
| **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдай білуге,олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға,шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу |
| **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге,сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебінсақтауға үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдаужәне түсінуді дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделіктіжиі қолданылатын тұрмыстық заттардың,жемістердің,жануарлардың,төрттүліктің |

| | |
|---|---|
| | атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету.Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу |
| **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп»,«бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу,«қанша? неше? » сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа,бірдей,тең,ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту:күндіз-түнде,таңертең-кешке. |
| **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер,кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануғаүйрету,бұрыналынғандағдыларды:төсеу,бекіту,қоюқолданаотырып,жаңа ғимараттар салу. |
| **Сурет салу** | Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.<br>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағазмайлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Қызыл,сары,жасыл,көк,қара,ақ негізгі түстермен олардың реңктерін жасап (қызғылт,көгілдір,сұр) қолдануды үйрету. |
| **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу,қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеубарысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу. |
| **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып |

| | |
|---|---|
| | алуды,жаймадағыдайынүлгігежағуды,желімніңқалдықтарынсүртугемайлықтықолдануды жетілдіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдібекіту.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау,бүктеу,қатпарлау) қолдануды үйрету. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас,асатаяқ,тұяқ,сырнай)дыбысталуынажырата білудіжетілдіру.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету:ре (ми)—ля (си) диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізуді (көңілді,созып,ойнақы айту) үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық  қозғалыстар.**<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынымен сипатынас әйкес бір-бірден,жұппен ырғақты қимылдар орындауды.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді,құстар ұшады.<br>**Балалармузыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспапмаракаспен  таныстыру, оның дыбысталуымен<br>таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала,оның отбасы,үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар, ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік,байланысқұралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналғанқарапайымережелермен таныстыру<br>**Еңбеккебаулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетінеқажеттіматериалдарды,құрал-жабдықтарды дайындауға,қолданып болғансоң ойыншықтарды,кітаптарды,заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу:балалардың назарын адамның жекеқ асиеттеріне (қамқор,сезімталжәнеіскер)аудару<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіпсақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру |

| | |
|---|---|
| | (амандасуға,қоштасуға,көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).Балабақшаның үй-жайларымен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын  қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үйжануарларымен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық,жылы,ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күн тізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br>Серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекетету дағдыларын қалыптастыру |